

## Анықтама

Түркістан облысы Төлеби ауданының білім бөліміне қарасты Жанажол жалпы білім беретін мектебінде өтіп жатқан “Зорлық-зомбылықсыз Қоғам менің таңдауым” тақырыбында 7-8-9-10 сынып оқушылары арасында эссе жазу жұмысы ұйымдастырылды.

Бұл шара жасөспірімдердің қоғамдағы өз рөлін түсінуіне, қауіпсіз орта қалыптастырудың маңызын сезінуіне бағытталды.

Іс-шараның мақсаты:

- Оқушылардың өзін-өзі бағалау қабілетін арттыру, өзіне деген сенімділігін күшейту;
  - Қауіпсіз қоғам құру жолында әлеуметтік байланыстарды нығайтып, әр оқушының өзін жайлы әрі қорғалған сезінуіне жағдай жасау;
  - Физикалық, әлеуметтік, ақпараттық және эмоционалдық қауіпсіздікті насихаттап, оқушылардың санасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру.
- Шығарма жазу барысында оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, қауіпсіз қоғам туралы көзқарастарымен бөлісті. Мұндай шаралар жасөспірімдердің бойында жауапкершілік сезімін қалыптастырып, бір-біріне деген құрмет пен түсіністікті арттыруға үлес қосады.



## «Жасөспірімдер арасындағы әлімжеттіктің зорлық-зомбылықтың, кәтігездіктің алдын алу»

### Мәліметі

«Жас өспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында жалпы мектептік жиналыс өткізілді.

Іс-шараның мақсаты — оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, зорлық-зомбылықтың түрлері мен оның алдын алу жолдары туралы түсінік беру, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

Жиналысқа: ДТДЖО, мектеп медбикесі, АӘД- пән мұғалімі, әлеуметтік педагог пен психолог қатысты. Оқушыларға зорлық-зомбылықтың зиянды әсері, буллинг кибербуллинг, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, отбасындағы, мектептегі және қоғамдағы зорлық түрлері туралы ақпарат беріліп, нақты мысалдар арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Іс-шара оқушылардың белсенді қатысуымен өтті. Ашық пікір алмасу ұйымдастырылып, сұрақ-жауап түрінде қорытындыланды.



## Мәлімет

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 7-11 сынып оқушылары арасында

Тақырыбы : Оқушылардың қару ,кесіп тесетін заттарды өздерімен бірге алып алып жүруіне жол бермеу ,қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ата аналар кеңесі , қамқоршылық кеңестің қатысуымен рейдтер ұйымдастыру

Қатысушылар :мектеп әкімшілігі

Ата аналар кеңесінің мүшелері

Қамқоршылық кеңес мүшелері

Сынып жетекшілер

Әлеуметтік педагог ,психолог

Рейдтің мақсаты : Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау , мектеп аумағында қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету, оқушылардың өзімен бірге қару жарак ,суық қару және де қауіпті заттарды алып жүруіне жол бермеу.

Рейдтің барысы :Ата аналар кеңесі мен қамқоршылық кеңестің қатысуымен мектеп аумағында профилактикалық рейд жүргізілді .рейд барысында оқушылардың сыртқы келбетіне шолу жасалып , қауіпсіздік шаралары түсіндірілді .

Сонымен қатар оқушылармен қару ,жарак пен суық заттарды алып жүрудің заң алдындадағыжауапкершілігі , оның қауіпті салдары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді .

Қорытындылай келе рейд нәтижесінде оқушылар тарапынан қауіпті заттарды алып жүрудің фактілері анықталған жоқ.Оқушылар мен ата аналарға мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау ескертілді .

Ұсыныс :

Ата аналарға балаларын күнделікті бақылауда ұстау .

Оқушылардың арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын күшейту.

Орындаған ДТЖО *Б. Шеримбетова* Б Шеримбетова

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 8-11 сынып оқушыларымен «Құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу» тақырыбында өткізілген

Мәлімет

Қатысқандар ДТДЖО Б.Шерімбетова, Мектеп психологі Ү.Қалмұратова Төлеби А.П. ЖТҚБ ЮПТ УПН полиция аға лейтенанты С.Әуелбек, Ұлдар ұйымының жетекшісі Отынбаев А. Әлеуметтік педагог Т.Кендірбаев қыздар ұйымының жетекшісі Анарбек

**Құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу .Буллинг-кибербуллингтен сақ болу.** Аталған мәселе бойынша сөз алған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары апталықтың мақсатын, қоғамда орын алып жатқан жайттардан хабарлап бере отырып, мектебімізге жаңадан тағайындалған полиция аға лейтенанты таныстырудан бастап, құқық бұзушылықты қалай болдырмауға болады және оның алдын алу туралы баяндалды. Құқық бұзушылықтың әдейі қасақана немесе байқаусызда, кейде ойын үстінде де болу мүмкіндігіне тоқталды. Сондықтан әркім өзін тәрбиелі, тәртіпті азамат ретінде сезініп, ұстамды бола білсе, ақырын жүріп анық басуға, ашу- дұшпан екендігін жалынан шығармаса деп өз ойын білдірді. Сонымен қатар балалардың өздерінің бос уақыттарын тиімді пайдалана білсе, себепсіз көшеде жүру тыйылса, керісінше, сабақтан тыс уақытта спорт үйірмелеріне көптеп қатысса, біріншіден, құқық бұзушылыққа уақыт табылмайды, екіншіден, әркім салауатты өмір салтын ұстануға өзінше үлес қосады деп атап өтті. Келесі кезекте сөз алған полиция аға лейтенанты С.Ауелбек жасөспірімдер арасында көптеп кездесетін қылмыс түрлеріне тоқталды. Атап айтқанда, түнгі мезгілде көшеде жүру, отырыстар ұйымдастыру, алкогольдік ішімдіктер, электронды және жай темекі тарту, мектепке ұялы телефон әкелу және түрлі ссықаларға кіруі, суық қару оның түрлері, автокөлік жүргізу, сабақтан көп қалу, үйден қашу, көкпарға бару, көше тәртібін сақтау және ұсақ әкімшілік жауапкершілік т.б тоқтала келе, сол бойынша заң алдындағы өздері мен ата-аналарының жауапкершілігіне тоқталып, олай болса, тек жақсы жағынан көзге көрінуге шақырды. Екінші мәселе бойынша сөз алған мектеп психологі «Қиын» балалардың қайдан шығатынына тоқталды. Тәртібі нашар, тәрбиеге көнбейтін қиын балалар құқық бұзушылықты көріп өскендерден шығады, сол үшін мектеп - ата - ана - мұғалім барлық балаға бірдей қарап, көңіл бөлуі тиіс, қайсысы байсалдық танытса бала сол жаққа қисайып, қиын балаға айналуы оп - онай деп өз ойын ортаға салды.



Мектеп директоры *А. Асқарбекова*

ДТДЖО *Б. Шерімбетова*

Педагог-психолог *Ү. Қалмұратова*

## МӘЛІМЕТ

**Тақырыбы:** Туыстарымен тұратын балалардың қосымша білім беру үйірмелеріне қатысуын қамтамасыз ету туралы

Мектепте ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, туыстарының қарауында тұрып жатқан оқушыларды анықтау және оларды қолдау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Аталған санаттағы балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту үшін қосымша білім беру үйірмелеріне қатысуы қамтамасыз етілді.

Оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттері ескеріле отырып, спорттық, шығармашылық, көркем-эстетикалық және пәндік үйірмелерге қатысуына жағдай жасалды. Үйірме жетекшілерімен байланыс орнатылып, оқушылардың қатысуы мен белсенділігі тұрақты бақылауға алынды.

Туыстарымен (занды өкілдерімен) түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қосымша білім берудің бала дамуына тигізетін оң әсері туралы ақпарат берілді. Нәтижесінде оқушылардың үйірмелерге тұрақты қатысуы қамтамасыз етіліп, олардың әлеуметтік бейімделу деңгейі мен мектеп өміріне қызығушылығы артты.

### **Қорытынды:**

Туыстарымен тұратын оқушылардың қосымша білім беру үйірмелеріне қатысуы жоспарлы түрде ұйымдастырылып, бақылауда ұсталуда.




## Анықтама

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің оқушылары арасында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және оны болдырмау жұмыстарының негізінде тек қана білімді болумен шектеліп қоймай, сонымен бірге тәжірибелі, көпті көрген, адамдардың жүрегіне барар кілтті таба білер тәрбиеші болу да маңызды болып табылады. «Ел боламын десең бесіңді түзе» деп айтқандай, әрбір ата ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатына қатаң бақылау жасап отырса, жасөспірімдер арасында болатын құқық бұзушылық болмауына пайдасын тигізеді.

Қазіргі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі балалар мен жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр. Осы ретте мектебімізде қазіргі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу жайлы және бұл қазіргі уақытта аса өткір мәселе екендігі айтылды.

Жиналыстың негізгі тақырыбы бойынша Төлеби аудандық АПБ-нің ЖПҚБЮПТ аға УПИ полиция аға лейтенанты С. Әуелбек жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық түрлеріне сипаттама беріп, деректер келтіріп, қылмыстың, қылмыс жасаған жағдайда әрбір азамат заңда көрсетілген ереже бойынша жауапкершілікке тартылатынын, Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жас өспірімдер түнгі сағат 22.00 ден кейін көшеде ата анасыз жүруге тиым салынғанын айтып өтті. Құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықтың не екенін ұғынады және оның саласы қалыптасып, дамиды. Өскеден ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, қоғамдағы құқықтарын пайдалана біліп, кәсіптіксіз өмірлерінің сақталуы жолында аянбай еңбек ету біздің басты парызы. Сондықтан да, жаһандану үрдісі басым болып, батыстық өркенетке еніп келе келе жатқан қазіргі кезеңге жас жеткіншектерді жаңа заман талабына сай озық ұлттық дәстүр рухы негізінде тәрбиелеп, нгі нәтижелерге жету жолында аянбай еңбек етейік.



## АНЫҚТАМА

**Тақырыбы:** «Жеке қауіпсіздік және баланы зорлық-зомбылықтан қорғау»

**Мақсатты топ:** 1-4 сынып оқушыларының ата-аналары

**Сабақтың ұзақтығы:** 60 минут

**Мақсаты:** Ата-аналардың баланың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның жеке шекараларын сақтау, зорлық-зомбылық белгілерін дер кезінде тану және тиісті әрекет ету бойынша дағдыларын қалыптастыру.

Жүргізуші ата-аналарға қазіргі таңда балалардың қауіпсіздігі, зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселесінің өзектілігін түсіндіріп өтті. Әсіресе, бастауыш сынып жасындағы балалардың жеке шекараларын құрметтеу, оларды қорғауға үйретудің маңызды ерекше атап өтілді. «Мен осы сәтте» атты психологиялық жаттығу арқылы ата-аналар өзін еркін сезініп, баламен сенімді байланыс орнату үшін қажетті көңіл-күйді қалыптастырды. Сондай-ақ «Ену – диалог – сезіну» әдісі арқылы ата-аналарға баланың эмоциясын түсіну және сезіну маңыздылығы жеткізілді. Ата-аналар топтарға бөлініп, «Ата-ана не істей алады?» тақырыбында пікірталас жүргізді. Жаттығу барысында ата-аналар зорлық-зомбылықтың түрлері (физикалық, психологиялық, жыныстық, немқұрайлылық) және олардың салдары туралы ой бөлісті. Шағын дәріс барысында «Бастауыш мектеп жасындағы қыз балаларға қатысты зорлық-зомбылық белгілері қандай болуы мүмкін және ересектер нені білуі тиіс?» деген маңызды сұрақтар талқыланды. Одан әрі шағын топтық жұмыс пен миға шабуыл әдісі арқылы ата-аналарға баланың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қарапайым тәсілдері ұсынылды. Әсіресе, ата-ананың баламен сенімді қарым-қатынас орнатуы, оның «жөк» деп айта білу дағдыларын қалыптастырудың қажеттілігі айтылды. Практикалық бөлімде ата-аналарға арнайы кейстер ұсынылып, «Бала не сезінеді?» жаттығуы өткізілді. Бұл әдіс арқылы ата-аналар баланың ішкі жан дүниесін түсініп, зорлық-зомбылыққа күдік туындаған жағдайда қандай әрекет жасау қажеттігін тәжірибе жүзінде талқылады. Сабақ соңында ата-аналар рефлексия жасап, өз ойларымен бөлісті. Көпшілігі балалардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ата-ананың рөлі орасан екені



«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» мектепшілік дәстүрлі мерекені өткізу

### Мәліметі

Мектебімізде өткен

«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» республикалық акциясы өз мәресіне жетті. Акция барысында оқушылар арасында мейірімділік, өзара құрмет, қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті насихатталып, зорлық-зомбылықтың барлық түріне «нөлдiк төзімділік» ұстанымы түсіндірілді және іс- шараларға белсенді қатысқан оқушыларға марапаттар тапсырылды.

Тренингтер, сынып сағаттары, кездесулер мен ақпараттық шаралар арқылы балалар өз құқықтарын білу, жанжалды күш қолданусыз шешу, қиын жағдай туындағанда кімнен көмек сұрауға болатынын үйренді.

Акцияның негізгі мақсаты — оқушыларға қауіпсіз орта қалыптастыру, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру және зорлық-зомбылықтың алдын алу.

Барша қатысқан ұстаздарға, оқушыларға және ата-аналарға алғыс айтамыз! Мейірімді орта — әрқайсымыздан басталады.



**“Зорлық-зомбылықсыз белсенді 16 күн акция” 25-қараша мен 10-шы желтоқсан аралығында өткізілетін іс-шараның “Ашық есік күні” өтті.**  
**Мәлімет**

Мақсаты:

Мектеп оқушылары, ата-аналар және педагогтар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу, қауіпсіз және достық орта қалыптастыру, балалардың құқықтары мен қауіпсіздігі туралы хабардарлықты арттыру.

Міндеттері:

1. Зорлық-зомбылық түрлері туралы түсінік беру  
Физикалық, психологиялық, эмоционалдық, кибербуллинг және әлеуметтік зорлықтың белгілерін таныстыру.
2. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру  
«Баланың құқықтары туралы» заң нормаларын түсіндіру, қайда және қалай көмек сұрауға болатынын үйрету.
3. Мектепте қауіпсіз орта құру  
Оқушылардың өзара сыйластыққа, төзімділікке және бейбіт қарым-қатынасқа тәрбиеленуі.
4. Буллингтің алдын алу  
Даулы жағдайларды агрессиясыз шешу, эмоцияларды дұрыс білдіру дағдыларын қалыптастыру.
5. Ата-аналарды ақпараттандыру  
Үйдегі тәрбиеде мейірімді, зорлықсыз қарым-қатынасты дамыту және ата-ананың бала қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапкершілігін күшейту.
6. Құқық қорғау және психологиялық қызметтің ролін күшейту.

<https://www.facebook.com/share/v/18aG4vTcPC/7mibextid=wwXlfr>



## Қыз бала гигиенасымен таныстыру

Қатысқандар: 8-Сынып оқушылары

Мақсаты:

Қыз балаларға жеке бас гигиенасының маңызын түсіндіру, өз денсаулығына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу, тазалық сақтау дағдыларын қалыптастыру.

Мектеп медбикесі У. Алимкулова Қыз бала — ұлттың болашағы, аналықтың, ізеттіліктің, сұлулықтың нышаны. Сондықтан қыз баланың өзін күтіп, таза жүруі, гигиеналық ережелерді сақтауы – оның денсаулығы мен болашақ аналық қызметіне әсер ететіндігін басты назарға алып айтты.

1. Жеке бас гигиенасы да назардан тыс қалған жоқ!

- ◆ Күн сайын тәнерген және ұбықтар алдында жуыну.
- ◆ Тістерді күніне екі рет тазалау.
- ◆ Шапты таза ұстап, аптасына кемінде 1–2 рет жуу.
- ◆ Тарықты уақтылы алып, қолды жөп жуу.
- ◆ Киім мен іш киімді күн сайын ауыстырып, таза ұстау.

2. Етексіз кезіндегі гигиена қыз балдар үшін тазалықтың ең басты мәселесі екенін айтылды

- ◆ Арнайы төсемелерді 3–4 сағат сайын ауыстыру.
- ◆ Жылы сумен жуыну, суық судан, ванна мен бассейнден уақытша бас тарту.
- ◆ Табиғи матадан жасалған іш киім кию.
- ◆ Дене қозғалысын шектеуге болмайды, бірақ ауыр жаттығуларды азайту.

Мектебіміздің психолог педагогы Т.Арапова өз кезегінде психологиялық мәдениеттіде айта кетті. Өзін-өзі сыйлау, өзге адамдармен әдепті қарым-қатынас орнату керектігін. Денесіне қатысты өзгерістерден ұлғамау, бірақ жеке тақырыптарды сыпайы сақтау керектігін. Қылындықтар туындағанда анасына, апасына немесе дәрігерге ашық айтуға болатынын түсіндірді.

Қыз баланың тазалығы – оның сұлулығы мен денсаулығының кепілі. Гигиенаны сақтау — өзіне, өз болашағына деген құрмет деп жиналысты аяқтады.



## «Қыз тәрбиесі-қоғам тәрбиесі» Мәлімет

Жоспарға сай, қыздар жиналысы өтіді «Қыз тәрбиесі-қоғам тәрбиесі», «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» тақырыптарында қыздар отырысы өткізілді.

Мақсаты: Қыз балаларға ұлттық тәрбие беру, әдептілік, инабаттылық, жауапкершілік, өзін-өзі ұстау мәдениеті жайында түсінік беру. Жиналысты тәрбие ісі жөніндегі орынбасар ашып, «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» екенін атап өтті.

Психолог тарапынан «Жасөспірім қыз – болашақ ана» тақырыбында тәрбиелік мәні бар әңгіме жүргізілді.

Мектеп медбикесі жеке гигиена, ерте жүктіліктің алдын алу, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

“Қыз жібек” Қыздар ұйымының төрайымы Досыбай Гүлсая Қыздарға арналған баяндама оқылып пікірталас ұйымдастырылды. Қыздар өз ойларын еркін айтып, сұрақтарға жауап берді.

\*Нәтиже:\*

Қыз балаларға ұлттық болмысқа сай тәрбие беру, өз-өзін дұрыс ұстау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, ар-намысын сақтау жайында мағыналы мәлімет берілді. Іс-шара тәрбиелік мәнімен тиімді өтті.

<https://www.facebook.com/share/r/3DpDyAB7mo/?mibextid=wwXjfr>



## Анықтама

### «Қыз өссе-Елдің көркі»

Түркістан облысы, Төлеби ауданының білім бөліміне қарасты Жанажол жалпы білім беретін мектебі.

Мектеп психологы және Қыздар төрайымы Досыбай Гулсая жоспарға сай 9-10 сынып оқушылармен “ Қыз өссе- Елдің көркі” тақырыбында дөңгелек үстел өтіді және психодиагностикалық экспресс тесттері алынды.

#### Мақсаты:

Қыз балалардың рухани-адамгершілік, мәдени және әлеуметтік дамуына ықпал ету, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, білімді, жауапты және өзін-өзі сыйлайтын тұлға тәрбиелеу.

#### Міндеттері:

- Қыз балаларға әдеп, инабаттылық, мәдени мінез-құлық нормаларын үйрету;
- Ұлттық салт-дәстүрлер мен қыз тәрбиесіне қатысты құндылықтарды насихаттау;

<https://www.facebook.com/share/v/15Wpk3TWQ6C/?mibextid=wwXlfr>



## «Жаңажол жалпы білім беретін мектебі»

«Көктем аруы-2026жыл»

### Мәлімет

«Көктем аруы» және «Ал, кәнекей қыздар!» байқауы

Түркістан облысы, Төлеби ауданының білім бөліміне қарасты Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 05.03 күні 9–10 сынып оқушылары арасында «Көктем аруы», ал 8 сынып оқушылары арасында «Ал, кәнекей қыздар!» байқауы ұйымдастырылды.

Байқау барысында қатысушылар өз өнерлерін, білімдері мен тапқырлықтарын көрсетті. Қыздар әр кезең бойынша өнер көрсетіп, өздерінің сұлулығы мен шығармашылығын танытты.

Іс-шара өте қызықты әрі тартымды өтіп, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. #КөктемАруы #АлКәнекейҚыздар #ЖаңажолМектебі



<https://www.facebook.com/share/r/18Jot24CQG/>

## Мәлімет

Мектепшілік және аудандық ішкі істер бөлімінде есепте тұрған оқушылар туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында, 2025 оқу жылының 09 айында мектепшілік және аудандық ішкі істер бөлімінде есепте тұрған оқушылар туралы мәлімет жинау жұмыстары жүргізілді.

Аталған жұмыс барысында мектептің әлеуметтік педагогі, сынып жетекшілері, мектеп психологі және кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектордың қатысуымен есепте тұрған оқушылардың тізімі нақтыланды.

Мәлімет жинаудың негізгі мақсаты:

- есепте тұрған оқушыларды анықтау және бақылау;
- құқық бұзушылықтың алдын алу;
- тәрбиелік және профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру;
- ата-аналармен байланыс орнату және түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Жинақталған мәліметтерге сәйкес:

- мектепшілік есепте тұрған оқушылар саны – 3;
- аудандық ішкі істер бөлімінде есепте тұрған оқушылар саны – 2508

Әр оқушы бойынша жеке іс қағаздары (сынып жетекшісінің мінездемесі, әлеуметтік-психологиялық карта, ата-анамен жүргізілген жұмыс материалдары) жинақталды. Есепте тұрған оқушылармен жеке және топтық профилактикалық әңгімелер, құқықтық түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.



## Мәлімет

Оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы туралы

Адам құқықтары – әрбір адамға туғаннан берілетін, ажырамас әрі тең құқықтар жиынтығы. Ал бала құқықтары – кәмелетке толмағандардың денсаулығын, қауіпсіздігін, білім алуын және жан-жақты дамуын қорғауға бағытталған ерекше құқықтар жүйесі.

Қазақстан Республикасында бала құқықтары Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Баланың құқықтары туралы» Заңына, сондай-ақ БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясына сәйкес қорғалады.

Оқушылардың негізгі адам құқықтарына мыналар жатады:

- өмір сүру және қауіпсіздік құқығы;
- білім алу құқығы;
- ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау құқығы;
- өз ойын еркін білдіру құқығы;
- демалу және бос уақытын тиімді өткізу құқығы.

Бала құқықтарына арнайы:

- отбасында өмір сүру және ата-ана қамқорлығын алу құқығы;
- зорлық-зомбылықтың, кемсітудің барлық түрінен қорғалу құқығы;
- медициналық көмек алу құқығы;
- тегін жалпы орта білім алу құқығы;
- әлеуметтік көмек пен қорғауға ие болу құқығы жатады.

Мектепте оқушылардың құқықтарын сақтау мақсатында:

- қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасы қалыптастырылады;

## Анықтама

Мектепшілік есепте тұрған оқушыларды үйірмелерге тарту және бос уақытын тиімді ұйымдастыру туралы

2025 оқу жылының 11 айында мектепшілік есепте тұрған оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың жағымсыз әрекеттерге баруының алдын алу және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Аталған жұмыстарға мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, мектеп психологі және үйірме жетекшілері тартылды. Есепте тұрған оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттері ескеріле отырып, оларды мектептегі спорттық, шығармашылық және пәндік үйірмелерге тарту жұмыстары ұйымдастырылды.

Нәтижесінде мектепшілік есепте тұрған оқушылар:

- спорттық секциялар (футбол, волейбол, күрес т.б.);
- көркемөнер, колөнер, музыка үйірмелері;
- пәндік және зияткерлік үйірмелерге қамтылды.

Әр оқушының үйірмеге тұрақты қатысуы сынып жетекшілері тарапынан бақылауға алынып, ата-аналармен тығыз байланыс орнатылды. Бос уақытын тиімді өткізу арқылы оқушылардың мектепке деген қызығушылығы артып, тәртіп бұзушылықтардың алдын алу бағытында оң нәтижелер байқалды.

Аталған жұмыстар алдағы уақытта да мектептің тәрбие жоспарына сәйкес жалғасын табады.

Әлеуметтік педагог: З.И.И.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар: З.И.И.

## Мәлімет

Мектепшілік есепте тұрған, ерекше назардағы оқушылармен профилактикалық жұмыс жүргізу туралы

2025 оқу жылының 09 айында мектепшілік есепте тұрған, ерекше назардағы оқушылармен профилактикалық жұмыс жүргізу мақсатында жоспарлы іс-шаралар ұйымдастырылды.

Аталған жұмысқа мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагог, мектеп психологі, сынып жетекшілері және кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мектеп инспекторы тартылды.

Профилактикалық жұмыстың негізгі бағыттары:

- оқушылардың мінез-құлқындағы ауытқулардың алдын алу;
- құқық бұзушылықтың алдын алу;
- сабаққа қатысуын тұрақтандыру;
- оқушының психологиялық және әлеуметтік жағдайын бақылау;
- ата-аналармен тығыз байланыс орнату.

Жүргізілген жұмыстар аясында:

- әр оқушыға жеке бақылау картасы толтырылды;
- жеке әңгімелесу және кеңес беру жұмыстары жүргізілді;
- құқықтық және тәрбиелік бағыттағы түсіндіру жұмыстары өткізілді;
- сынып жетекшілері мен ата-аналарға әдістемелік ұсыныстар берілді.

## Анықтама

2025-2026 оқу жылындағы 11-ақпан күні "Қауіпсіз балалық шақ" жобасы аясында Төлеби ауданы АПБ ҚҚБ КТДЖ аға УПИ полиция капитаны Әбен Арман

Төлеби АПБ ҚҚБ КТДЖ УПИ полиция капитаны Жалғасбай Жұбаныш 8-9-10-11 сынып оқушыларымен "Қауіпсіз балалық шақ" жобасы аясында "Жасөспірімдердің жауапкершілігі" "Құқық бұзушылықтың алдын алу" "Зорлық-зомбылықтың алдын алу" "Сталкинг"

"Кибербуллинг" "Әлімжетті" тақырыбында жиналыс өткізілді және мектеп психологы "Стресс пен агрессияны басқару" түсіндірме жұмысын жүргізді. Жиналыстың негізгі мақсаты – оқушыларға құқық бұзушылықтың салдары туралы түсінік беру, олардың заң алдындағы жауапкершілігін арттыру, тәртіп пен құқықтық нормаларды сақтауға тәрбиелеу болды.

Іс-шара барысында АПБ ҚҚБ КТДЖ УПИ полиция капитаны Жалғасбай Жұбаныш сөз сөйлеп, жасөспірімдер арасында жиі кездесетін құқық бұзушылық түрлеріне тоқталды. Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері де айтылды.

Жиналыс кезінде оқушылармен ашық пікір алмасу ұйымдастырылып, олар өздерін толғандырған сұрақтарын қойды. Құқық бұзушылықтың алдын алуда отбасының, мектептің және қоғамның бірлескен жұмысының маңыздылығы ерекше атап өтілді.

Кездесу соңында оқушыларды тәртіпті сақтауға, заңды құрметтеуге және өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға шақыру жүргізілді. Іс-шара өз мақсатына жетіп, қатысушыларға құқықтық тәрбие беруде оң ықпал етті.



## Мәлімет

Түркістан облысы, Төлеби ауданы Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру, адалдық пен әділдік құндылықтарын насихаттау, құқықтық сауаттылығын арттыру болды.

Пікірталас барысында оқушылар екі топқа бөлініп, өз ойларын ортаға салды. Қатысушылар сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін зияны, оның алдын алу жолдары және әрбір азаматтың жауапкершілігі туралы маңызды пікірлер айтты. Сонымен қатар, адал еңбек, әділдік, парасаттылық секілді қасиеттердің маңызы ерекше атап өтілді.

Іс-шара барысында оқушылар белсенділік танытып, өз көзқарастарын дәлелдермен жеткізе білді. Пікірталас соңында қорытынды жасалып, жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белсенді болуы керектігі айтылды. Осындай тәрбиелік мәні зор шаралар өскелең ұрпақты адалдыққа тәрбиелеуге, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.



## «Жаңажол жалпы білім беретін мектебі»

### «Толағай»

#### Мәлімет

Түркістан облысы, Төлеби ауданының білім бөліміне қарасты Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Толағай» отбасы сайысы өтілді.

«Толағай» отбасы сайысы – ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға, салауатты өмір салтын насихаттауға және отбасы бірлігін арттыруға бағытталған тәрбиелік-спорттық шара. Сайыс көңілді эстафеталар, шығармашылық тапсырмалар және логикалық ойындар арқылы өткізіледі.

#### ☞ Мақсаты:

Отбасы мүшелерінің өзара ынтымақтастығын арттыру

Салауатты өмір салтын қалыптастыру

Ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту

Шапшаңдық, ептілік, ұйымшылдық қасиеттерін дамыту

#### ★ Міндеттері:

Командалық рухты қалыптастыру

Отбасылық құндылықтарды дәріптеу

Балалардың спортқа қызығушылығын арттыру

□ Сайыс кезеңдерінің үлгісі:

Таныстыру кезеңі – Әр отбасы өз ұранын, эмблемасын таныстырады.

Спорттық эстафеталар – Доппен жүгіру, секіртпемен секіру, кедергіден өту.

Зияткерлік кезең – Отбасы, тәрбие, салт-дәстүрге байланысты сұрақтар.

Өнер көрсету – Ән, би немесе шағын көрініс.

Қорытынды кезең – Жеңімпаздарды марапаттау.



## «Қауіпсіз- балалық шақ»

### Мәлімет

Жаңажол жалпы білім беретін мектебі: 17.12.2026ж

Төлеби АПС ҚҚБ КТДЖ аға УППИ полиция капитаны С. Әуелбек пен Ж. Жалғасбай жұмыс кестесі бойынша мектеп ішіндегі тәртіп пен қауіпсіздікті бақылау мақсатында рейд жүргізді.

Рейд барысында:

- ✔ Оқушылардың сабаққа қатысуы тексерілді
- ✔ Мектеп ауласындағы тәртіп бақылауға алынды
- ✔ Оқушылардың киім үлгісі мен мектеп ережелерін сақтау тексерілді
- ✔ Қауіпсіздік талаптарының орындалуы қаралды

### Мақсаты:

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіп-қатердің алдын алу дағдыларын қалыптастыру, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін дамыту.

### Міндеттері:

- Балаларды күнделікті өмірде кездесетін қауіп түрлерімен таныстыру
- Жолда, үйде, мектепте және қоғамдық орындарда қауіпсіздік ережелерін үйрету
- Төтенше жағдайларда (өрт, су, электр, бөгде адамдар) дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру
- Балалардың өз қауіпсіздігіне жауапкершілігін арттыру
- Ата-аналар мен педагогтердің бала қауіпсіздігіне бірлескен жауапкершілігін күшейту

Рейд қорытындысы бойынша оқушылар мен қызметкерлерге қажетті түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау бойынша маңызды кеңестер берілді.

Осы іс-шара мектептегі қауіпсіз және тәртіпті орта қалыптастыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды. 🌟🌟

<https://www.facebook.com/share/p/17oYHF7Lu3/?mibextid=wwKlfr>



## Анықтама

2025-2026 оқу жылындағы 11-ақпан күні "Қауіпсіз балалық шақ" жобасы аясында Төлеби ауданы АПБ ҚҚБ КТДЖ аға УПИ полиция капитаны Әбен Арман

Төлеби АПБ ҚҚБ КТДЖ УПИ полиция капитаны Жалғасбай Жұбаныш 8-9-10-11 сынып оқушыларымен "Қауіпсіз балалық шақ" жобасы аясында "Жасөспірімдердің жауапкершілігі" "Құқық бұзушылықтың алдын алу" "Зорлық-зомбылықтың алдын алу" "Сталкинг"

"Кибербуллинг" "Әлімжетті" тақырыбында жиналыс өткізілді және мектеп психологы "Стресс пен агрессияны басқару" түсіндірме жұмысын жүргізді. Жиналыстың негізгі мақсаты – оқушыларға құқық бұзушылықтың салдары туралы түсінік беру, олардың заң алдындағы жауапкершілігін арттыру, тәртіп пен құқықтық нормаларды сақтауға тәрбиелеу болды.

Іс-шара барысында АПБ ҚҚБ КТДЖ УПИ полиция капитаны Жалғасбай Жұбаныш сөз сөйлеп, жасөспірімдер арасында жиі кездесетін құқық бұзушылық түрлеріне тоқталды. Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері де айтылды.

Жиналыс кезінде оқушылармен ашық пікір алмасу ұйымдастырылып, олар өздерін толғандырған сұрақтарын қойды. Құқық бұзушылықтың алдын алуда отбасының, мектептің және қоғамның бірлескен жұмысының маңыздылығы ерекше атап өтілді.

Кездесу соңында оқушыларды тәртіпті сақтауға, заңды құрметтеуге және өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға шақыру жүргізілді. Іс-шара өз мақсатына жетіп, қатысушыларға құқықтық тәрбие беруде он ықпал етті.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 8-11 сынып оқушыларымен «Қауіпсіз балалық шақ жобасы аясында «Құқық бұзушылықты болдырмау және оған алдын алу» тақырыбында өткізілген жиіліктің хаттамасы. 02 Наурыз 2026 ж. Қатысқандар ДТДЖО Б.Шерімбетова Төлеби АПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты С.Әуелбек, АПБ ҚҚБ КТДЖ УПИ полиция капитаны Жалғасбай Жұбаныштың қатысуымен профилактикалық кездесу

Қатысқан оқушылар 8-11


#### Күн тәртібіндегі мәселелер :

Түркістан облысы Төлеби ауданына қарасты Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 2025-2026 оқу жылындағы 2 наурыз күні "Қауіпсіз балалық шақ" жобасы аясында

"Құқықбұзушылықтың алдын-алу" мақсатында Төлеби ауданы АПБ ҚҚБ КТДЖ аға УПИ полиция капитаны Әуелбек Сұлтан Бердалиұлы, АПБ ҚҚБ КТДЖ УПИ полиция капитаны Жалғасбай Жұбаныштың қатысуымен профилактикалық кездесу ұйымдастырылды. Іс-шара барысында жасөспірімдерге заң талаптарын сақтау, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, мектеп қабырғасындағы тәртіп ережелері, буллинг пен зорлық-зомбылықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі және кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері кеңінен талқыланды. Мұндай шаралар жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттырып, олардың саналы әрі жауапты азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.



Мектеп директоры:  А. Аскарбекова

ДТДЖО:  Б. Шерімбетова

Педагог-психолог:  Ұ. Қалмұратова

## Мәлімет

### «Өзін-өзі тану- дұрыс шешімге бастайтын жол»

2026 жылдың 13 наурыз күні Заң және тәртіп қағидаты аясында «Өзін-өзі тану – дұрыс шешімге бастайтын жол» атты 7–10-сынып оқушыларына арналған кездесу өткізілді. Кездесуге Бірінші Мамыр ауылдық ауруханасының медбикесі Г.Шұланбекова қатысып, оқушыларға зиянды әдеттердің алам азғасына тигізетін кері әсері туралы түсіндірме жұмысын жүргізді. ДТДЖО Б. Шерімбетова оқушыларға жауапкершілік және қауіпсіздік ережелері туралы түсіндіріп, әдептілікке және сауалы тәртіпке шақырды. Жас ұрпақты тәрбиелеу – қоғамның ең маңызды міндеттерінің бірі. Бүгінгі таңда жасөспірімдердің дұрыс өмірлік бағыт таңдап, саналы шешім қабылдай алуы ерекше маңызға ие. Осы тұрғыда «Өзін-өзі тану – дұрыс шешімге бастайтын жол» тақырыбы оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, өз мүмкіндіктерін танып, болашаққа сенімді қадам жасауына бағытталған тәрбиелік мәні зор тақырып болып табылады. Мектебіміздің кәсіптік бағдар беру педагогы Л.Анарбек өзін-өзі тану – адамның өз бойындағы қасиеттерін, қабілеттерін, мінез-құлқын, қызығушылықтарын және өмірдегі мақсаттарын түсіну үдерісі екенін атап айтты. Өзін жақсы таныған адам өз күшіне сенеді, айналасындағылармен дұрыс қарым-қатынас орнатады және өмірлік жолын саналы түрде таңдай алады. Сондықтан мектеп қабырғасында оқушыларға өзін-өзі тану, адамгершілік құндылықтар, жауапкершілік, сыйластық және адалдық туралы түсінік беру өте маңызды.



## Мәлімет

“ҚАУІПСІЗ МЕКТЕП” жедел профилактикалық іс-шарасы  
Мектебімізде «Қауіпсіз мектеп» жедел профилактикалық іс-шарасы ұйымдастырылып, өткізілуде. Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

Іс-шара аясында:

- мектеп аумағында және оған іргелес аймақтарда профилактикалық рейдтік жұмыстар жүргізілуде
- білім алушылар арасында құқықтық түсіндіру шаралары ұйымдастырылуда
- жол-көлік қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті сақтау мәселелері түсіндірілуде

Іс-шараға құқық қорғау органдарының қызметкерлері, педагогтер және ата-аналар қауымы белсенді қатысуда.

Аталған жұмыстар білім алушылар үшін қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған.

#ҚауіпсізМектеп #Профилактика #БалаларҚауіпсіздігі

